

КМҚК «№5 «Аққу» бөбекжай – бақшасы»

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»

Өткізген: Исабаева Э.С.
Ортаңғы №3 «Қошақан» тобының тәрбиешісі

Атырау-2022ж.

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш. Геометриялық пішіндер үлгілерін қимақағаздағы бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру. Қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндеріне ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру, геометриялық пішіндер белгілерін ажырата білу және атау білігін бекіту, пішіндерді атау мен пішіндерді көру, қозғау, сезу тәсілдерімен зерттеу білігін дамыту, бақылағыштығын, назар аударуын тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Шеңбер, шаршы, үшбұрыш суреттері, (ұқсас заттар бойынша сәйкестендіру).

Алдын ала жүргізетін жұмыс: әңгімелесу, сұрақ-жауап, сергіту сәті, дидактикалық ойындар, жұмбақ.

Қимылды ойын «Шар жарылды»



Қолға алдық шарды,
Үрледік біз былай уф-уф-уф
Үрледік біз қатты уф-уф-уф
Жарып алдық шарды.

Жұмбақ

Төрт қабырғасы тең болса,
Төрт бұрышы тең болса,
Жауап берер балақай
Ой өрісі кең болса.

(шаршы)
Бұл қандай пішін?

Бұрыштарын табамыз
Бұған келер шамамыз
Төбесінен сырғанап
Құлап қалсақ күлеміз
(үшбұрыш)

Бұл қандай пішін?

Емес бұл төртбұрыш
Мұнда мүлде жоқ бұрыш
(шеңбер)
Бұл қандай пішін?



Дидактикалық ойын

«Пішініне қарай ұқсас заттарды тап»



Сергіту сәті

Шеңбер болып тұрайық
Алақанды ашайық
Күнен жылу алайық
Жүрекке жылу салайық
Жиналған жылы шуақты
Бір-бірімізге сыйлайық



Жеке жұмыс «Түсіне қарай пішіндерді орналастыр»



Қорытынды:

Сұрақтар қою арқылы қортындылау. Балаларды мадақтау.